

Б.Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебінде педагог-психологтардың 2022-2023 оқу жылындағы ағарту жұмыстарының мәліметі

Қыркүйек айында «Жастар мен жасөспірімдер арасында деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» мақсатында мектеп ұжымымен, педагогтармен техник-жұмысшылармен психологиялық сабақтар өтілді.

1-ші және 5-ші сынып оқушылардың ата-аналарымен педагог-психолог мамандары көмек беру мақсатында жиналыс жасап, «Баланың психологиялық дамуы» тақырыбында баяндама оқыды. Ата-аналарға жадынама таратты.

Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылық, зорлық-зомбылық, ерте жүктілікті алдын алу мақсатында 8-11 сынып оқушылармен психологиялық тренингтер мен түсіндірме жұмыстары, дөңгелек үстел жүргізілді.

Мектеп психологы Л.Калиева Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында 8-9 сынып оқушыларға «Суицид сақшылары» тақырыбында мектеп ұжымына баяндама оқыды.

Педагогикалық ұжым, оқушылар және ата-аналарды педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу жұмыстарының 2022-2023 оқу жылындағы мақсат, міндеттерімен педагогикалық ұжым, оқушылар және ата-аналарға таныстырылды.



Қазан айында Мектеп психологтары профилактикалық және психологиялық ағарту жұмыстарын 6-11 сынып оқушыларына оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің, деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша тренингтер өткізілді. Жас мамандармен психологиялық қолдау мақсатында тренинг өткізілді.

Мектеп ұжымына педагог-психологтар инклюзивті білім алатын және үйде оқытылатын оқушыларды, олардың ата-аналары мен мұғалімдерді психологиялық сүйемелдеу мақсатында нұсқаулықтар дайындап, жадынама таратылды. Үштік одаққа кеңес беру мақсатында педагог-психологтар отбасындағы Зорлық-зомбылықтың алдын алу және түзету бойынша кеңестер беріліп, бейнероликтер көрсетілді.

Мектеп психологтары профилактикалық және психологиялық ағарту жұмыстарын 6-11 сынып оқушыларына оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің, деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша тренингтер өткізілді. Жас мамандармен психологиялық қолдау мақсатында тренинг өткізілді.

Мектеп ұжымына педагог-психологтар инклюзивті білім алатын және үйде оқытылатын оқушыларды, олардың ата-аналары мен мұғалімдерді психологиялық сүйемелдеу мақсатында нұсқаулықтар дайындап, жадынама таратылды. Үштік одаққа кеңес беру мақсатында педагог-психологтар отбасындағы Зорлық-зомбылықтың алдын алу және түзету бойынша кеңестер беріліп, бейнероликтер көрсетілді.



Қаңтар айында «Суицид сақшылары» тақырыбында ата-аналарға аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында баяндама оқылды.

8-11 сынып оқушыларымен, мұғалімдермен «Өмірдің мәнін табу» тақырыбында баяндама оқылып, психологиялық кеңестер берілді.

Қажеттілігіне қарай оқушыларға жеке, топтық психологиялық кеңестер беріліп отырды.